

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИСІ

«Jusan Mobile» Акционерлік қоғамы
«Jusan Mobile» АҚ

Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және қоғам мен орнықтырылған акцияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.

Алматы, 2021 жыл

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. «Jusan Mobile» акционерлік қоғамы (бұдан ары - Қоғам) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды тұлға болып табылады. Қоғам 1999ж. 01.02-да Атырау облысының Әділет министрлігінде тіркелген мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №333-1915-АО «КаспийМұнайБайланыс» ААҚ-тың және 2001ж.15.03-да Атырау облысының Әділет басқармасында тіркелген, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 101155-1910-АҚ «КазТрансСвязь» ААҚ-тың құқықтық мұрагері болып табылады, мекенжайы: 050009, Алматы қ., Радостовец/Жамбыл к-сі, 69/204а.

2. Акционерлік қоғамның атауы (бұдан әрі Қоғам)

1-кесте. Қоғамның атауы

	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	«Jusan Mobile» Акционерлік қоғамы	Акционерное общество «Jusan Mobile»	Joint stock company «Jusan Mobile»
Қысқартылған атауы	«Jusan Mobile» АҚ	АО «Jusan Mobile»	JSC «Jusan mobile»

Қоғам қызметі шектеусіз мерзімге құрылған.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер

- **біріншілік тіркеу:** 06 наурыз 1996 жылы;

- **қайта тіркеу:** Атырау облысының Әділет департаментінің қайта тіркеген күні 2004 жылғы 08-ші кіркүйек, нөмірі 333-1915-08-АҚ, ОКПО коды 00139947;

- **қайта тіркеу:** Атырау облысының Әділет департаментінің қайта тіркеген күні 2007 жылғы 21-ші шілде, нөмірі 39-1915-08-АҚ;

- **заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік:**

№ 101155-1910-АО 26.07.2008 ж. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Алматы қаласындағы Әділет департаментімен берілген.

4. Салық төлеушінің тіркелген нөмірі

СТТН-150 8000 000 329

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондарының және факстің нөмірі, электрондық пошта туралы ақпарат

Құқықтық мекен-жайы: 050009, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Радостовец к-сі, Жамбул қиылысы, 69/204а, үй.

Нақты мекен-жайы: 050009, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Радостовец к-сі, Жамбыл қиылысы, 69/204а, үй.

Тел. (727) 2 377 310, факс (727) 2 377 318 E-mail: KTC@KazTransCom.kz.

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері

1. «Қазкоммерцбанк» АҚ АФ, ИИК № 018467700, БИК 190501724;
2. «Альянс Банк» АҚ АФ, ИИК № 052203596, БИК 190501794.
3. "СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ, ИИК № 250155001, БИК 190501832
4. ДАБ ЗАО АБН Амро ЖАҚ, ИИК 010467687, БИК 190501922
5. Қазинвестбанк АҚ ИИК 005467850, БИК 190 501 920

6. HSBC Қазақстан Банкі АҚ ЕБ ИИК 000181501, БИК 190501949»

7. Акционерлік қоғамның қызмет түрлері

7.1. Заңды және жеке тұлғаларға, соның ішінде шектеусіз:

- жергілікті телефон байланысы қызметтерін көрсету бойынша;
- деректер табыстау қызметтерін көрсету;
- бөлінген байланыс желісі бойынша телекоммуникациялық қызметтер көрсету бойынша;
- ұшқыр телекоммуникациялық байланыс (жылжымалы радио/радиотелефон, транкинг байланысы) қызметтерін көрсету бойынша;
- халықаралық және қалааралық телефон байланысы қызметтерін көрсету бойынша;
- IP-телефония қызметтерін көрсету бойынша телекоммуникациялық қызметтер көрсету;

7.2. Телекоммуникациялар саласында технологиялық қызметті жүзеге асыру, соның ішінде:

- жалпы республикалық, магистральдік және халықаралық байланыс желілерін жобалау, құрылысын салу және іске пайдалану;
- құрылыс-жинақтау, жөндеу және іске қосу-реттеу жұмыстары;
- инновациялық қызмет;
- телекоммуникациялар саласындағы метрологиялық қызмет;
- байланыс арналары арқылы барлық ақпарат түрлерін үзіліссіз табыстауды ұйымдастыру, телекоммуникациялар желілерінің жұмысының сенімділігі мен сапасын арттыру және тиімді пайдалану;
- Қоғамның телекоммуникациялық желілерін дамыту және жаңғырту бойынша жұмыстар ұйымдастыру;
- ғимараттар мен телекоммуникациялық нысандардың күрделі құрылысын ұйымдастыру;
- Қоғамның телекоммуникациялық желілерін қалыптастыру;
- телекоммуникациялық нысандардың өндірістік-экономикалық тиімділігін ұлғайту мақсатында оларды реконструкциялау;
- телекоммуникациялар бойынша халықаралық жобаларды дайындауға және іске асыруға қатысу;
- түрлі операторлар мен байланыс қызметтерін пайдаланушылардың арасында есеп айырысуды жүзеге асыру;
- Қоғамның мүдделерінде халықаралық телекоммуникациялық және өзге ұйымдар мен бірлестіктерге қатысу;
- телекоммуникациялық желілердің көмегімен кез келген басқа қызметтер көрсету.

7.3. Өзге қызметті жүзеге асыру:

- заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғам үшін рұқсат берілген сыртқы экономикалық қызмет жүргізу;
- өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс;
- сауда-саттық, делдалдық және коммерциялық қызмет;
- менеджмент, маркетинг, инжиниринг;
- ақпараттық, сервистік және Қоғам үшін тыйым салынбаған басқа қызметтер көрсету;
- бағалы қағаздар шығару мен ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздар сатып алу және сату;
- Қоғамның қаражаттарын салалық және аймақтық бағдарламалар мен жобаларға инвестициялау;
- Қоғамның қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін озық технологиялар, бірлескен өндірістер құру мақсатында меншік қаражаттарымен басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысу;
- еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыстар ұйымдастыру;
- телекоммуникация құралдарына сервистік қызмет көрсетуді құру;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызмет.

7.4. Арнайы амалдық-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды сатуға және сақтауға байланысты қызмет.

7.5. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын сатуға, пайдалануға және сақтауға байланысты қызмет.

7.6. Иондаушы сәулелер көзін жаратуға байланысты қызмет».

8. Акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер

Биржалық кеңестің 2004 жылғы 29-шы желтоқсандағы шешімімен «Jusan Mobile» АҚ-тың жай (ҰСН-KZ1C11750011) және артықшылықты (ҰСН-KZ1P11750117) акциялары Қазақстан Қор биржасының ресми бағалы қағаздар тізімінің «А» санатына енгізілген. Қазіргі уақытта Эмитенттің халықаралық пен отандық агенттіктерден рейтинг бағалауы жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы

№ 1 кесте. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері мен пошталық мекен-жайлары:

№ п.п.	Атауы	Тіркелген күні	Орналасқан жерлері пен пошталық мекен-жайлары
1.	Шығыс филиал:	Қуәлігі: № 1201945-Ф-л 04.03.2005 жыл.,	Павлодар қаласы, Ак. Бектуров көшесі, 2
2.	Батыс филиал:	Қуәлігі: № № 1-1915-08-Ф-л, 19.10.2004 жыл	060011, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алмалы ауылдық округі, Орал тасжолының 5-ші шақырымы.
3.	Ақтөбе филиалы:	Қуәлігі: № 1376-1904-Ф-л, 28.10.2004 жыл.	030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Заречный кенті, 195-ші п/ж.
4.	Астана филиалы:	Қуәлігі: №2232-1901- Ф-л, 12.04.2004 жыл.	10000, Астана қаласы, Солтүстік жағалау, 68 к-сі, 3
5.	Орал филиалы:	Қуәлігі: № 716-1926-Ф-л, 26.10.2004 жыл.	09005, Орал қаласы, а/ж 47 Желаево кенті, Промзона л., 7-ші үй
6.	Маңғыстау филиалы:	Қуәлігі: № 812-1943-Ф-л, 05.07.2005 жыл.	130003, , Ақтау қаласы, 22- ші ықшамаудан
7.	Оңтүстік филиал:	Қуәлігі: № 2364-1910-Ф-л, 25.11.2004 жыл.	050091, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 96
8.	Мәскеу қаласындағы өкілдік:	Қуәлігі: № 14999, 2005 жыл 25- ші тамыз.	12329, Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 3-ші Хорошевская көшесі, 11-ші

10. Акционерлік қоғамның қаржы есебінің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның толық ресми атауы.

Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылына қаржылық есебіне қаржылық есеп беру аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның (фамилиясы, аты, болса аудитордың аты-жөні), олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Соңғы аяқталған үш жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржылық мәселелер бойынша кеңесшілердің, олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы. Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда, оның бастамашысы болған тарапты көрсете отырып шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.

«KPMG Audit» (2006 ж. 06 желтоқсандағы № 0000021 мемлекеттік лицензия) ЖШС тәуелсіз аудиторлық фирмасы 2004 – 2006 жж аралығында Қаржылық есеп беру аудитін жүргізді. Аудиторлар Ж.К.Бердалин және Мэтью Кук болды.

Қаржылық кеңес берушілер:

1. Эмитент 2004 жылғы 01 шілдеде № 53/Ф-04 «АИМ» АҚ-пен маркет-мейкер қызметін көрсету туралы Шарт жасады.

«АИМ» АҚ – Қазақстан қаржыгерлер Қауымдастығының мүшесі

Лицензиялар:

А) 2005 жылғы 30 қыркүйектегі №0401201157 бағалы қағаздар рыногында номиналды ұстаушы ретінде, клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған;

Б) 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 0403200371 инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметпен айналысуға арналған;

2. Эмитент 2007 жылғы 3 мамырда № 106/1/ФД-07 «Halyk Finance» АҚ-пен маркет-мейкер қызметін көрсету туралы Шарт жасады.

«Halyk Finance» АҚ - Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – тіркелген нөмері: 66715-1910-АО 10.11.2004 ж.

Лицензиялар:

А) № 0401200928 номиналды ұстаушы ретінде, клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған;

Б) № 0403200280 инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметпен айналысуға арналған;

3. Эмитент 2007 жылғы 15 тамызда № н/ж «Сентрас Секьюритиз» АҚ-пен Қаржылық кеңес беруші қызметін көрсету туралы Келісім жасады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ – Қазақстан қаржыгерлер Ассоциациясының мүшесі

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – тіркеу нөмері: 62155-1910-АО 02.09.2004 ж.

Лицензиялар:

А) 2004 жылғы 22 қыркүйектегі № 0401200886 номиналды ұстаушы ретінде, клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған;

Б) 2004 жылғы 22 қыркүйектегі № 0403200223 инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметпен айналысуға арналған;

Эмитент жоғарыда көрсетілген тұлғалармен жасалған шартты бұзған жоқ.

«10-1. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (оның қабылдануы қоғамның жарғысында қаралған жағдайда).

«Jusan Mobile» АҚ-тың корпоративті басқару кодексі 2007 жылғы 3 шілдеде Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілді.

ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

11. Акционерлік қоғамның Директорлар Кеңесі

Директорлар кеңесі – қолданыстағы заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның органы.

№ 2 кесте. Директорлар кеңесі

№	Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні, туған жылы	Хронологиялық тәртіпте қазіргі уақытта атқарып жатқан және соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары	Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық арасалмағы	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғы капиталындағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғы капиталындағы үлесінің) жалпы санына пайыздық арасалмағы
1.	Абдрахманов Мурат Алмасбекович 1963 ж.т. <i>13.06.2008 ж. бастап Директорлар кеңесінің Төрағасы</i>	2008 ж. бастап «Jusan Mobile» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қосымша басқа лауазымдар атқармайды.	3,2 %	Жоқ
2.	Павел Смалински <i>1970 ж.т. с 2014ж.16.05-дан бастап директорлар Кеңесінің</i>	2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін TeliaSonera International Carrier компаниясында Польша, Түркия, Румыния және Болгария елдері бойынша Басқарушы директор болып табылады. 2014ж. 16.05-дан бастап қазіргі	Жоқ	Жоқ

	<i>Мүшесі</i>	уақытқа дейін Директорлар Кеңесінің мүшесі. Қосымша басқа лауазымдар атқармайды.		
3.	Стюарт Эверс 1973 ж.т. <i>19.02.2013 ж. бастап Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор</i>	2012 ж. қаңтарынан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Euroweb Romania (Turk Telecom тобының бөлігі) 2011 ж. қарашасынан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Қазақстандағы Amum Capital кеңесшісі	Жоқ	Жоқ
4.	Жанбеков Данияр Серикпаевич 1981 ж.т. <i>Директорлар кеңесінің мүшесі</i>	2006 ж. маусымынан бастап 2007 ж. қыркүйегіне дейін – Lehman Brothers (Лондон/Нью-Йорк) инвестициялық-банктік қызмет және қаржыландыру департаментінің аналитигі 2007 ж. қыркүйегінен бастап 2009 ж. мамырына дейін – Renaissance Capital Инвестициялық банктік қызмет және қаржыландыру департаменті директорының орынбасары – Инвестициялық банк (Алматы/Москва) 2009 ж. мамырынан бастап, қазіргі уақытқа дейін – Amum Capital Advisors KZ Инвестициялау департаменті директорының орынбасары – Инвестициялық компания. 25.08.2009 ж. бастап 19.02.2013 ж. қоса алғандағы аралығында Тәуелсіз директор. 19.02.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі. Қосымша басқа лауазымдар атқармайды.	Жоқ	Жоқ
5.	Майкл Сауер 1970 ж.т. <i>19.02.2013 ж. бастап Директорлар кеңесінің мүшесі</i>	2008 ж. қазанынан бастап, қазіргі уақытқа дейін – VISOR Holding Президенті Қосымша басқа лауазымдар атқармайды.	Жоқ	Жоқ
6	<i>Алтынбаева Гульжан Сулеймановна</i>	1996 жылдан бастап 2011 жылды қос алғанда – «Сестры Алтынбаевы» ЖШС-ның басқарушы серіктесі.	Жоқ	Жоқ

<p>1962 ж.т. Директорлар кеңесінің мүшесі, 2014ж.16.05-дан бастап тәуелсіз директор.</p>	<p>2006 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жеке кәсіпкер. Директорлар кеңесінің мүшесі, 2014ж.16.05-дан бастап тәуелсіз директор. Қосымша басқа лауазымдар атқармайды.</p>		
--	---	--	--

Директорлар кеңесі құрамында өткен екі жыл ішінде келесі өзгерістер болды:

Директорлар кеңесінің құрамына келесілер кірді:

- Гаппаров Рафаэль Абдуллаевич (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 18.07.05 ж. № 2 хаттамасы);
- Мартиросов Михаил Грантович (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 01.03.06 ж. № 1 хаттамасы);
- Иванченко Сергей Николаевич (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 01.03.06 ж. № 1 хаттамасы);
- Валиева Жанель Казбековна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 11.09.2006 ж. № 3 хаттамасы);
- Сағдиева Раушан Махтаевна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 11.09.2006 ж. № 3 хаттамасы);
- Тюробаева Бибигуль Идрисовна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 21.12.2006 ж. № 4 хаттамасы);
- Бабаев Рустам Сафарович (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 9.11.2007 ж. № 3 хаттамасы);
- Абдрахманов Мурат Алмасбекович (Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 30.05.2008 ж. хаттамасы);
- Гайсина Шолпан (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 02.03.2009 ж. № 1 хаттамасы);
- Жанбеков Данияр Серикпаевич (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 25.08.2009 ж. № 3 хаттамасы);
- Баймухаметова Диана Сабировна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 12.04.2010 ж. № 1 хаттамасы);
- Сағдиева Раушан Махтаевна – Директорлар кеңесінің мүшесі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 24.08.2011 жылғы № 2 хаттамасы);
- Ким Инна Борисовна – Директорлар кеңесінің мүшесі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 24.08.2011 ж. № 2 хаттамасы);
- Джумадилова Мадина Бахытжановна – Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 24.08.2011 жылғы № 2 хаттамасы);
- Мота Мартинез Даниель Карл – Директорлар кеңесінің мүшесі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы);
- Тасбулатов Ерлан Темирханович – Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы);
- Сауер Майкл – Директорлар кеңесінің мүшесі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы);
- Стюарт Эверс – Директорлар кеңесінің мүшесі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы);

- Абдрахманов Мурат Алмасбекович - Директорлар Кеңесінің Төрағасы (Директорлар Кеңесінің қайта сайлануына байланысты, Директорлар Кеңесінің 2014ж.19.05-дағы №4 отырысы Хаттамасымен Қоғам Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайланды)
- Павел Смалински – Директорлар кеңесінің мүшесі (2014ж.16.05-дағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының №1-хаттамасы.);
- Алтынбаева Гульжан Сулеймановна – Директорлар кеңесінің мүшесі мүшесі (2014ж.16.05-дағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының №1-хаттамасы.);

Директорлар кеңесі құрамынан келесілер шықты:

- Кабылдин Каиргельды Максutowич (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 01.03.2006 ж. № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Есимбеков Сабр Сайлаубекович (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 01.03.2006 ж. № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Танеков Арсен Исмаилович (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 11.09.2006 ж. № 3 хаттамасы – қайта сайлау);
- Гаппаров Рафаэль Абдуллаевич (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 11.09.2006 ж. № 3 хаттамасы – қайта сайлау);
- Сағдиева Раушан Махтаевна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 21.12.2006 ж. № 4 хаттамасы – қайта сайлау);
- Тюребаева Бибигуль Идрисовна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 9.11.2007 ж. № 3 хаттамасы – қайта сайлау);
- Иванченко Сергей Николаевич (Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 30.05.2008 ж. хаттамасы – қайта сайлау);
- Мартиросов Михаил Грантович (Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының 25.08.2009 ж. хаттамасы – қайта сайлау);
- Бабаев Рустам Сафарович (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 12.04.2010 жылғы № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Валиева Жанель Казбековна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 24.08.2011 жылғы № 2 хаттамасы – қайта сайлау);
- Гайсина Шолпан (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 24.08.2011 ж. № 2 хаттамасы – қайта сайлау);
- Баймухаметова Диана Сабировна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 24.08.2011 ж. № 2 хаттамасы – қайта сайлау);
- Сағдиева Раушан Махтаевна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Ким Инна Борисовна мүше (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Джумадилова Мадина Бахытжановна (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Ержанов Аскар Серикбаевич Директорлар кеңесінің мүшесі (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 19.02.2013 ж. № 1 хаттамасы – қайта сайлау);
- Мота Мартинез Даниель Карл – (2014ж.16.05-дағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының №1-хаттамасы – қайта сайлау);
- Тасбулатов Ерлан Темирханович – (2014ж.16.05-дағы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының №1-хаттамасы – қайта сайлау).

12. Қоғамның алқалық атқарушы органы

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы (Бас директор) басқарады.

3-кесте. Атқарушы орган

Аты, әкесінің аты, тегі, туған жылы	Лауазымы	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары, соның ішінде қоса атқарған лауазымдары туралы деректер	Дауыс беретін акциялардың қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынасы
<p>Андрей Васильевич Хан, 1974 жылы туған</p>	<p>Басқарма Төрағасы (Бас директор) Өкілеттіктері: Жалпы Қоғам қызметін басқарады</p>	<p>2003 жылғы 1 сәуірден бастап 2004 жылғы 9 наурызды қоса алған аралықта - «Jusan Mobile» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары. 2004 жылғы 10 наурыздан бастап 2013 жылғы 3 маусымды қоса алған аралықта - «Jusan Mobile» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары.</p> <p>2013 жылғы 19 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін «Jusan Mobile» АҚ Басқармасының төрағасы (Бас директоры)</p> <p>Негіздеме: 2013 жылғы 19 шілдедегі Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы. Басқа лауазымдарды қоса атқармайды.</p>	<p align="center">жоқ</p>
<p>Саби Муратович Омирсериков, 1983 жылы туған</p>	<p>Басқарма мүшесі Өкілеттіктері: Қоғамның қаржылық қызметіне басқарады.</p>	<p>2009 жылғы қарашадан бастап 2013 жылғы маусымды қоса алған аралықта - «Kcell» АҚ Қаржы департаментіндегі Операциялық бухгалтерия секторының бастығы. 2013 жылғы 17 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Jusan Mobile» АҚ Бас қаржы директоры. 2013 жылғы 03 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – Басқарма мүшесі. Негіздеме: 2013 жылғы 03 маусымдағы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы. Басқа лауазымдарды қоса</p>	<p align="center">жоқ</p>

		атқармайды.	
Айсулу Адильевна Алибаева, 1979 жылы туған	Басқарма мүшесі Өкілеттіктері: Қоғам мен филиалдардың коммерциялық блогын басқарады	2006 жылғы наурыздан бастап - 2011 жылғы 01 шілдені қоса алған аралықта «ҚМГ» ҰК» АҚ-мен жұмыс жөніндегі бөлімнің бастығы 2011 жылғы 01 шілдеден бастап 2013 жылғы 24 қыркүйекті қоса алған аралықта «» АҚ Техникалық қызмет көрсетуді сату департаментінің директоры 2013 жылғы 24 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Jusan Mobile» АҚ Бас директорының коммерция жөніндегі орынбасары 2013 жылғы 23 қазанынан бастап қазіргі уақытқа дейін - Басқарма мүшесі. Негіздеме: 2013 жылғы 23 қазанынан Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы. Басқа лауазымдарды қоса атқармайды.	жоқ

13. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және акционерлік қоғамның басқа басшы қызметкерлеріне төленген сыйақы:

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі соңғы үш айда 470 100 теңге мөлшерінде сыйақы алды.

Атқарушы органның әрбір мүшесі соңғы үш айда 978 000 теңге мөлшерінде сыйақы алды. Соңғы жыл ішінде аталған тұлғаларға төленген сыйақының жалпы мөлшері – 21 138 000 теңге.

14. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы.

1) Акционерлік Қоғамның құрылымдық бөлімшелері:

- Сату департаменті
- Клиенттерге қызмет көрсету департаменті
- Маркетинг департаменті
- Қызметкерлерді басқару департаменті
- Еңбекті қорғау және экология қызметі
- Сапаны тексеру қызметі
- Сапа менеджмент жүйесінің бөлімі
- Кеңсе
- Шаруашылық департаменті
- Келісім-шарттарды сүйемелдеу жөніндегі қызмет
- Мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі қызмет
- Заң бөлімі
- Күрделі құрылыс бөлімі
- Орталық бухгалтерия

- Экономикалық департамент
- Корпоративтік қаржыландыру департаменті
- Бағдарламалық жасақтама әзірлеу және сүйемелдеу бөлімі
- Инжиниринг және байланыс желісін дамыту департаменті
- Қатынау және сатылымдарды қолдау департаменті
- Ақпараттық технологиялар департаменті
- Желіні басқару орталығы
- Пайдаландыру департаменті
- Жобаларды жобалау және бақылау департаменті
- Жобалық менеджерлер департаменті
- Жобаларды қолдау департаменті

2) Акционерлік қоғам қызметкерлерінің, соның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны:

Эмиссия проспектісін жасау күніне Компанияда (соның ішінде филиалдарда) қамтылған жұмыскерлердің тізім бойынша саны 1 584 білікті маманды құрайды .

4-ші кесте. Жұмыскерлердің саны

Филиалдың атауы	Жұмыскерлердің саны
Бас офисі	255
Батыс филиал	305
Шығыс филиал	241
Орал филиалы	182
Ақтөбе филиалы	193
Маңғыстау филиалы	159
Оңтүстік филиал	120
Астана филиалы	127
Москва қ. өкілдік	1

3) Акционерлік қоғамның акцияларын иеленген акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санының пайыз түрінде жиынтық үлесі.

Қоғам акцияларын иеленген қызметкерлерінің жалпы саны-801. Орналастырылған акциялардың жалпы санының пайыз түрінде жиынтық үлесі – 3,2 %.

4) Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, бар болса -әкесінің аты, туған жылы)

5-ші кесте. Бөлімшелердің басшылары туралы мәліметтер

№	АЖТ	Лауазымы	Туған жылы
1	Ержанов А.С.	Бас директор	26.10.1962 ж.
2	Хан А.В.	Бас директордың бірінші орынбасары	06.08.1974 ж.
3	Мусағалиева Г.Т.	Бас директордың орынбасары – Қаржы директоры	16.04.1965 ж.
4	Жанысбаев Г.Т.	Бас директордың коммерция жөніндегі орынбасары	09.11.1969 ж.
5	Гальберг Е.В.	Бас директордың орынбасары – техникалық	08.03.1971 ж.

		директор	
6	Арстанов А.М.	Бас директордың әкімшілік-құқықтық мәселелері жөніндегі орынбасары	14.10.1971 ж.
7	Аманов А.Б.	Бас директордың бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары	20.08.1970 ж.
8	Султанбекова К.К.	Корпоративтік дамыту жөніндегі басқарушы директор	18.03.1961 ж.
9	Артыкбаев М.Д.	Жобалар бойынша басқарушы директор	09.07.1968 ж.

5) Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы)

6-ші кесте. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер

Аты-жөні	Туған жылы	Лауазымы
Кабдиев Серик Шамшиденович	24.01.1974	Батыс филиалдың директоры
Долгополов Николай Федорович	10.02.1947	Шығыс филиалдың директоры
Бирюков Виктор Юрьевич	18.07.1957	Маңғыстау филиалының директоры
Коньков Михаил Парфирьевич	12.10.1952	Орал филиалының директоры
Садыкбек Кайрат Жарылкасынулы	30.09.1972	Ақтөбе филиалының директоры
Муханов Ермек Маратович	26.05.1970	Астана қаласындағы филиалдың директоры
Долгополов Виталий Николаевич	09.06.1970	Оңтүстік филиалдың директоры
Русинова Татьяна Васильевна	25.03.1955	Мәскеу қ.аласындағы өкілдік директоры

15. Акционерлік қоғамның акционерлері

Акция эмиссиясының аңдатпасына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген күні акционерлердің жалпы саны 786-ді құрайды, олардың ішінде 10-заңды және 776 жеке тұлға.

7-кестеде орналастырылған акциялар жалпы санының 10 және одан артық пайызына ие «Jusan Mobile» АҚ акционерлернің тізімі ұсынылған.

№ 7 кесте. Акционерлер

Акционерлер	Орналасқан жері	Он және одан артық пайыздарға ие акционерлерге тиесілі дауыс беруші акциялардың пайыздық

		арасалмағы
«Родник – Инк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қатысушылар: 25 % Lovou B.V. Компаниясы, Нидерланды, Делфт қ.; 25% Sonera Holding B.V. компаниясы, Швеция, Стокгольм қ.; 50 % «Almaty Engineering Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 62)	Алматы қ., Барибаев к-сі, 31 үй	81,77 %

Акционер («Родник – Инк» ЖШС) Қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызына ие болған күн – 2001 жылғы 07 маусым.

- 16. Акционерлік қоғам ірі акционер – ұйымның орнықтырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестерінің) он және одан да көп пайызына ие – болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер**

№ 8 кесте. Қоғамның еншілес компаниясы туралы мәліметтер

Атауы	«ERP-Service «KazTransCom» ЖШС
Орналасқан жері	Астана қаласы, Алматы ауданы, Иманов к-сі, 10/1, 63 пәт
ЖК-дағы үлесі (%)	100
Қызмет түрі	Бағдарламалық қамсыздандыруды жеткізу жіне ендіру
Бас директор	Темірханова Ғалия Олжабайқызы

- 17. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдинглер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.**
 «Jusan Mobile» АҚ Қазақстан Ұлттық телекоммуникациялар қауымдастығының мүшесі болып табылады (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 95-в).
 «Jusan Mobile» АҚ «Сапа қауымдастығы» ЗТБ мүшесі болып табылады.

- 18. Акционерлік қоғамның басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер.**

9-шы кесте. Аффилирленген тұлғалар

№	Тегі, есімі, әкесінің есімі	Туған жылы	Аффилирленгендікті мойындауға негіздер	Аффилирленгендік пайда болған күн
1	Легай Василий	1951 жылы	Заңның 64-ші бабының	26.04.2006 жыл

		туған	1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	
2	Ли Элла Николаевна	1950 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
3	Легай Анна Васильевна	1988 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
4	Ким Надежда Владимировна	1975 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
5	Ким Владимир Сергеевич	1938 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
6	Пак Галина Владимировна	1965 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
7	Шин Людмила Владимировна	1970 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
8	Пак Ирина Владимировна	1979 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
9	Ержанов Серикбай	1936 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
10	Ержанова Айгуль Серикбаевна	1965 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
11	Беркутова Айман Серикбаевна	1967 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
12	Ержанова Гульжан Нурмаханбетовна	1970 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
13	Туреханов Нурмаханбет Туреханович	1937 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
14	Туреханова Батима Досмуратовна	1941 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
15	Ержанов Алмас Аскарлович	1989 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
16	Мухамбетова Асия Ибадуллаевна	1942 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	05.10.2004 жыл
17	Аманова Асель Максұтовна	1974 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	05.10.2004 жыл
18	Иванченко Ольга Александровна	1964 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	24. 08. 2007 жыл

			тармақшасы	
19	Иванченко Николай Сергеевич	1986 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	24.08.2007 жыл
20	Иванченко Анастасия Сергеевна	1990 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	24.08.2007 жыл
21	Иванченко Вера Александровна	1941 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	24.08.2007 жыл
22	Иванченко Александр Николаевич	1960 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	24.08.2007 жыл
23	Иванченко Сергей Николаевич	1964 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	24.08.2007 жыл
24	Ержанов Аскар Серикбаевич	1962 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	08.09.2003 жыл
25	Хан Андрей Васильевич	1974 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	26.04.2006 жыл
26	Аманов Абай Бакдаuletович	1970 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	05.10.2004 жыл
27	Косубаев Есетжан Муратович	1955 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	05.03.2007 жыл
28	Елшибеков Серикбек Кенесбекович	1960 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	05.03.2007 жыл
29	Арстанов Ахат Мадиевич	1971 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	30.01.2007 жыл
30	Сыргабеков Искендер Нариманович	1956 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	21.12.2006 жыл
31	Лаумулин Чокан Турарович	1969 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 3-ші тармақшасы	21.12.2006 жыл
32	Бабаев Сафар Ядулаевич	1956 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	09.11.2007 жыл
33	Бабаева Гульсара Октябрьевна	1959 жылы туған	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 2-ші тармақшасы	09.11.2007 жыл

№	Заңды тұлғаның атауы	Тіркеу күні	Аффилирленгендікті мойындауға негіздер	Аффилирленгендік пайда болған күн
1	«Родник ИНК» ЖШС	28.06.2006 ж.	Заңның 64-ші бабының 1-ші	28.06.2006 жыл

		№78071-1910-ЖШС	тармағының 1,9-ші тармақшасы	
2	«Рауан Медиа Групп» АҚ	18.06.2004 ж. №16619-1901-АҚ	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 4-ші, 6-шы тармақшасы	21.12.2006 жыл
3	«Телеком-Азия» ЖШС	06.12.2005 ж. №74411-1910-ЖШС	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 4-ші тармақшасы	06.12.2005 жыл
4	«ERP-Service «KazTransCom» ЖШС	09.11.2006 ж. №16114-1901-ЖШС	Заңның 64-ші бабының 1-ші тармағының 6-шы тармақшасы	09.11.2006 жыл

18.1 Қоғамның үлестес тұлғаларымен мәмілелер.

1. 2007 жылғы 31-ші шілдедегі № 195/2/ ФД – 07 шарт

«Jusan Mobile» АҚ пен «ERP-Service «KazTransCom» ЖШС арасындағы мүлік табыстау туралы шарт

2. 2007 жылғы 31-ші шілдедегі № 195/1/ФД – 07 шарт

«Jusan Mobile» АҚ пен «ERP-Service «KazTransCom» ЖШС арасындағы мүлік табыстау туралы шарт

3. 2007 жылғы 31-ші шілдедегі № 195/ФД – 07 шарт

«Jusan Mobile» АҚ пен «ERP-Service «KazTransCom» ЖШС арасындағы мүлік табыстау туралы шарт.

ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

19. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

«Jusan Mobile» АҚ бүгінде – Қазақстан Республикасының телекоммуникация рыногында байланыс қызметін көрсететін телекоммуникациялық замани компания. «Jusan Mobile» АҚ мемлекеттік мақсатты – республиканың замани коммуникациялық инфрақұрылымды белсенді шешуде, Қазақстанның стратегиялық маңызды аумақтарында маңызды телекоммуникациялық жобаларын жүзеге асыруда. «Jusan Mobile» АҚ Қазақстанның аумағында талшықты-оптикалық магистралды байланыс желілерін белсенді дамытуда және толық телекоммуникациялық қызметтерінің кешенін беруге бірегей мүмкіншілігі бар. Компания өз қызметін қысқа мерзімде жаңа арнаулы жағрапиялық және өнім сегментері арқасында абонент санын едәуір көбейтті. Компания өз қызмет мерзімінде бір қатар бәсекелестік артықшылықтарды жинады.

Компания Қазақстанның аумағында толық телекоммуникациялық қызметтерінің кешенін беруге бірегей мүмкіншілігі бар, соның ішінде:

- жергілікті телефон байланысы;
- халықаралық және қалааралық телефон байланысы;
- Интернет желісіне кеңжолақты қатынау;

- айқын арналарды жалға алу;
- виртуалды жекеше желілер;
- ведомстволық желілерге техникалық қызмет көрсету және қолдау;
- IT-сервис;
- клиенттердің талап-тілектеріне байланысты түрлі қосымша қызметтер.

1) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер: Компанияның Республикадағы және шетелдегі бәсекелестері:

а) фиксациялық телефон байланысы қызметтері бойынша:

- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Транстелеком» АҚ;
- «Нұрсат» АҚ;
- «Арна» АҚ;
- «SA-Telcom» ЖШС;
- «Астел» АҚ;
- «TNS Plus» ЖШС.

б) Интернет желісіне қатынау қызметтері бойынша:

- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Транстелеком» АҚ;
- «Нұрсат» АҚ;
- «Арна» АҚ;
- «SA-Telcom» ЖШС;
- «Астел» АҚ;
- «TNS Plus» ЖШС.
- «Кателко» АҚ;
- «2Day Telecom» ЖШС;
- «Казинформтелеком» АҚ.

в) магистралды жердегі байланыс арналарын жалға алу қызметтері бойынша:

- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Транстелеком» АҚ;

г) транкингілік байланыс қызметтері бойынша:

- «Вителко» АҚ;
- «TNS Service» АҚ;
- «Алси» АҚ;
- «Корпорация связь» АҚ;
- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Newtech» АҚ ЖШС;
- «Инстафон» ЖШС;
- «OTS Corporation» ЖШС.

д) спутниктік байланыс қызметтері бойынша:

- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Нұрсат» АҚ;
- «Арна» АҚ;
- «SA-Telcom» ЖШС;
- «Астел» АҚ;
- «TNS Plus» ЖШС.
- «Кателко» АҚ;

- «Қазинформтелеком» АҚ.

е) техникалық қызмет көрсету қызметтері бойынша:

- «Newtech» ЖШС;
- «Астел» АҚ;
- «ABS» ЖШС;
- «UBS» ЖШС.

2) эмитенттің Қазақстан Республикасындағы салалық орташа көрсеткіштерімен және дүниежүзілік көрсеткіштерімен қызметінің салыстырмалы сипаттамасы, егер оған мүмкіншілік болса:

Шығарылатын өнім бойынша Қазақстан рыногында «Jusan Mobile» АҚ үлесі:

- жергілікті телефон байланысы қызметтері – 0,82 %;
- Интернет желісіне кеңжақты қатынау – 0,4 %;
- транкингілік байланыс қызметтері – 8 %;
- арналарды жалға алу – 3,8 %;
- спутниктік байланыс қызметтері – 4,1 %;
- техникалық қызмет көрсету – 76,2 %;

Табыс деңгейін ұлғайту, қазіргі клиенттерді ұстап қалу және жаңа клиенттерді тарту мақсатында тұтынушылардың түрлі сегменттерінің талаптарына сәйкес келетін икемді тарифтер жүйесін жасауы Компанияның бағаны құру саясатының негізгі мақсаты болып табылады. Қолданыстағы тарифтік жоспарлар бәсекелесе алады.

Негізгі бәсекелес «Қазақтелеком» АҚ-тың тарифтерімен салыстырғанда компанияның тарифтері келесі қызмет түрлері бойынша төмен:

- телефония - 15-45%-ға;
- Интернет - 15%-ға;
- Арналарды жалға алу - 5%-ға.

3) саланың болашақтағы дамуына қатысты болжам және эмитенттің осы саладағы жағдайы:

Бүгінде қазақстан телекоммуникация рыногы халық шаруашылығының ең динамикалық дамушы секторы болып табылады, бұл ретте телекоммуникациялық қызметтерінің кең спектрін беретін провайдерлер саны жыл сайын өседі. Соңғы үш жыл ішінде байланыс қызмет көрсетуден жылдық орташа табыс өсімі 28 % құрады, ол мұнай мен газ өндіру бойынша қызметтерін беру сияқты экономика саласының даму динамикасымен салыстырмалы.

Телекоммуникация рыногының дүниежүзілік даму беталысы:

1. Кеңжақты сымсыз қатынау қызметтерін дамыту;
2. Телекоммуникация бизнесін біртіндеп деректер беру қызметтеріне қайта бағдарлау;
3. IP-технологияларды белсенді енгізу;
4. Телефония желілерін деректер беру желілерімен қосу;
5. Ұтқыр мен фиксациялық байланыстарын қосу, оған байланысты, өз абоненттеріне қызметтердің кең спектрін және уақыт пен жағрапиялық факторларға қарамай қызметтерді арзан бағамен алуға мүмкіншілік беретін мультисервистік операторлардың саны өседі.

20. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

Қызмет нәтижелеріне әсер ететін негізгі факторлар телекоммуникациялар қызметі саласында қызмет атқаратын барлық компаниялардағыға ұқсас және жалпы алғанда, негізінен, осы сала бойынша қалыптасқан жағдайлармен анықталады.

21. Сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері.

10-ші кесте. Сатылған өнім көлемдері (мың тенге)

№	Өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) атауы	2005	2006	2007
1	өнімдерді сату	4 758 703	5 825 100	7 190 719

22. Акционерлік қоғамның өз өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

11-ші кесте. Клиентер

№п/п	Атауы	Мекен-жайы	Қызметтерді тұтыну үлесі (%)
3	Интергаз Центральная Азия АҚ	Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20	21,42%
6	КазТрансОйл АҚ	Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20	22,86%
9	ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру АҚ	Астана қаласы, 1/Сол жақ жағалау, 2-ші үй	11,07%

12-ші кесте. Жеткізушілер

Атауы	Мекен-жайы	Қызметтерді тұтыну үлесі (%)
КазТрансОйл АҚ	Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20	7,83%
NEWTECH Distribution ЖШС	Алматы қаласы, Мәметова көшесі, 67	29,04%
SIEMENS ЖШС	Алматы қаласы, Жароков көшесі, 20	10,93%
Қазақтелеком АҚ	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы, 31	28,03%

23. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар

1) Мезгілдік әсер:

Қоғамның қызметі мезгілдік әсер факторына ұшырамайды.

2) Импорт үлесі:

Проспект дайындалу мерзәмінде шығарылған акция бөлігі белгісіз болды.

3) Сот процестеріне қатысу:

Акцияларды шығару проспектісіні өзгерістер мен толықтырулар енгізу күніне «Jusan Mobile» АҚ сотқа талап арыздарын берген жоқ, сонымен қата жауапкер ретінде ешқандай ақша сумаларын төлеген жоқ

3-1) Акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот салған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер:

- Бас кеңсе бойынша- Атырау облысының Махамбет ауданы бойынша Салық комитеті 29.11.2006 ж. күнгі № 000463 Қаулысымен 20 600 теңге көлеміндегі ҚР Салық кодексіне сәйкес декларацияны ұсыну мерзімін бұзғандығы үшін Қоғам Бас бухгалтеріне айыппұл ретінде әкімшілік өндіріп алу қолданды
- Эмитент пен оның өзге лауазымды тұлғаларына әкімшіліктің санкциялар қолданылмады.»

4) Тәуекелдер:

Экономикалық және саяси тәуекелдер

- Операциялық орта: Компанияның негізгі операциялары Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтерді реттеуші заңдар және нормативтік актілер жиі ауысады, осыған байланысты Компанияның активтері және операциялары саяси және іскерлік ортада теріс өзгерістерге ұшырау тәуекелі бар.
- Салықтар: жалпы экономикалық жағдай нәтижелері секілді, Қазақстандағы бизнес салық органдары тарапынан күшейтілген ерекше назар аудару объектісі болып табылады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті және жалпы мемлекеттік салық салу жүйесі әрдайым өзгерістерге ұшырауы мүмкін.
- Сондай-ақ, Компания қызметінің саласы құнсыздану және айналым қорларын қалыптастыруға банктік пайыздардың әсер етуі секілді экономикалық тәуекелдерге ұшырауы мүмкін.

Бәсекенің әсері

Бүгінгі күні Компания корпоративтік рынокқа бағытталған. Жасалған стратегия және маркетингтік жоспар бизнесті кеңейту үшін маңызды перспективаларға байланысты рынокта нақты жайғастыруды қамтамасыз етеді.

Компания үшін басты құндылық – клиенттерге олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы қызметтер ұсыну.

Әлеуметтік тәуекелдер

Бүгінгі күні Компания әлеуметтік тәуекелдерге ұшырамайды, қалыпты жұмыс үшін – қызметкермен, жабдықтармен, ресурстармен және т. б. қамтамасыз етілген нақты ұйымдық құрылымы қалыптастырылған.

Негізгі мәселелердің бірі – Компания алдына қойған мақсаттарға жету үшін қызметкерлерінің қызметін белсенді ету. Қызметкерлерге экономикалық және моральдық ықпал ету жүзеге асырылуда, және олардың кәсіби дамуына жағдайлар құрылуда.

Техникалық тәуекелдер

Қызмет саласын кеңейту, жабдықтардың тозуы пайдаланылатын материалдық қорлардың, соның ішінде техникалық және оларға сәйкес келетін құралдардың тұрақты ауыстырылуын қажет етеді. Осыған сәйкес Компанияда жабдықтарды біртіндеп ауыстыру, тозған техникалық тәуекелдердің барлық түрлерін төмендететін қорларды өз уақытында есептен шығару жүргізілуде, техникалық тәуекелдердің барлық түрлерін төмендететін, соның ішінде технологияларды қызметкермен бұзу, бағдарламалық қамтамасыз етудің ақау тәуекелдері және коммуникацияның электронды

жүйесінің бұзылу тәуекелдерін төмендетуде жаңа ақпараттық технологиялар дамытылуда және енгізілуде.

Техникалық тәуекелдер тобына филиалдардың стандартты жұмыстарына теріс әсер етуі мүмкін аймақтағы электрмен қамтамасыз етудің тұрақсыздығы жатады. Осы фактор мүмкіндігін төмендету үшін Компанияда үздіксіз электрмен қамтамасыз ету мәселесімен байланысты іс-шаралар бағдарламасы жасалды.

Экологиялық тәуекелдер

Қазіргі уақытта Компанияның операциялық қызметіне байланысты экологияға әсер ететін қандай да бір бар факторлар жоқ.

ҚАРЖЫ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ

24. Инвестициялар

Акциялар шығарылымның проспектісін жасау күніне «Jusan Mobile» АҚ «ERP-Service «KazTransCom» ЖШС-нің Жарғылық капиталына 226 515 500 теңге мөлшерінде салым жасады (Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 19-шы шілдедегі шешімі)».

